**Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы**
**Жылдың соңы**

**Баланың аты –жөні:**Айтенов Алинур
**Туған жылы:** 19.12.2019ж
**Топ:** «Қарлығаш»
**Мақсаты:**

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

| р/с | Қолданылатын әдістеме | Нәтиже |
|---|---|---|
| 1 | **Зейін мен қабылдауды анықтау**<br>Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау.<br>- «Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету<br>- «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу<br>- «Пішіндерді біріктір» — түстер мен пішіндерді жұптау<br>-«Қатесін тап » — суреттегі ұсақ қателерді табу. | Барлық артық затты тапты.<br>Жақсы<br>Сәйкестендірді.<br>Суреттегі барлық қатені тапты,арасында шатасу болды. |
| 2 | **Есте сақтауды тексеру**<br>Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау.<br>-«4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату.<br>- «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.) | 4жол оленнің 3жолын толық айтты.<br>8 сөзден 6 сөзді есте сақтады. |
| 3 | **Сөйлеу және ойлау дамуы**<br>**Мақсаты:** сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау.<br>-«Сурет бойынша әңгіме құрастыру»<br>- «Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін)<br>- Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен–кіші, жылы–суық)<br>- «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар) | Сурет бойынша әңгіме бір сөзбен қысқаша айтты.<br>Айтып берді<br>Біледі<br>Барлығын топтастырды |
| 4 | **Ұсақ моторика**<br>Мақсаты: саусаққозғалысын, үйлесімділігінбағалау.<br>-Суреттерді сәйкестендір.<br>- Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру.<br>- Нейрожаттығу орындау. | Сәйкстендірді.<br>Түстерді, түстері бойынша лақтырды, кейбіреулері дәл түспеді.<br>Қызығушылықпен орындады. |
| 5 | **Эмоциялық-ерік аймағы**<br>Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау.<br>-«Болады - болмайды» — теріс эмоцияны | Барлығын дұрыс қойып |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | -«Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау | Эмоцияларды көрсетті, бірақ қай жағдайда болатынын түсіндіріп бере алмады. |
| 6 | **Әлеуметтік бейімделу**<br>Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау.<br>- Тапсырма кезінде белсенділігі<br>- Көмек сұрай ма, жоқ па<br>- Қарым-қатынасқатүсуі | Қызығушылықпен орныдады, бірақ алаңдаушылық бар. Тапсырма орындау кезінде ойы бөлек болады.<br>Зейінін көп бөліп отырғысы келмейді.<br>Көңіл –күйге байланысты. |

**Даму деңгейі**

Алинұр жас ерекшелігіне сай тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Зейіні мен қабылдауы орташа деңгейде қалыптасқан, берілген тапсырмаларды түсініп, көпшілігін дұрыс орындады. Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті орташа-жақсы, сөздер мен өлең жолдарын есте сақтай алады. Сөйлеу және ойлау дағдылары дамыған, заттарды топтастырып, қарама – қарсы ұғымдарды ажыратады. Әңгіме құрастыру кезінде қысқаша жауап береді.

Ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігі орташа деңгейде дамыған, тапсырмаларды орындау барысында кейбір дәлсіздіктер байқалды. Эмоцияларды ажыратады, бірақ олардың пайда болу жағдайларын түсіндіруде қиналады. Әлеуметтік қарым-қатынаста көңіл –күйіне байланысты белсенділік танытады, кей жағдайда зейінін ұзақ уақыт сақтап отыру қиындық туғызады.

Жалпы алғанда, баланың психологиялық даму деңгейінде сәл кешуілдеу байқалады.

**Ұсыныс**

-Зейін тұрақтылығын дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды көбейту;

-Қысқа әңгіме құрастыру, сұрақтарға толықжауап беру арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;

-Өлең, тақпақ жаттау жұмыстарын жүйелі жалғастыру;

-Эмоцияларды түсіну және жеткізу дағдыларын дамыту мақсатында сюжеттік – рөлдік ойындарды қолдану;

-Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін топтық ойындар мен бірлескен әрекеттерге жиі қатыстыру ұсынылады.

**Зерттелген күні «22» 04.2026 жыл.**

**Педагог-психолог** Каменова Жанар Забинулловна

Сканировано с CamScanner